

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақмола облысы бойынша филиалының Бұланды аудандық Тіркеу және жер кадастры бөлімі

ЗАҢДЫ ТҮЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК
ТІРКЕУ 20 2022 жылғы 10 жүргізілді
БСН 101140008785
№ 160-7902-10-НҚС-11

Ақмола облысы әкімдігінің
2022 жылғы 16 қыркүйектегі
№ А-9/445 қаулысымен
бекітілген

Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы Макинск қаласының «Балдырған» бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны ЖАРҒЫСЫ

1. Жалпы ережелер

1. «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы Макинск қаласының «Балдырған» бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысаны заңды тұлға болып табылады.

2. Мемлекеттік мекеменің құрылтайшысы Ақмола облысының әкімдігі болып табылады.

3. «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган (бұдан әрі – тиісті саланың өкілетті органы) болып табылады.

4. Кәсіпорынның атауы: «Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы Макинск қаласының «Балдырған» бөбекжайы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

5. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 020500, Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Макинск қаласы, Мирон Ким көшесі, 14

2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

6. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес балансы, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланктері және мөрі болады.

7. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

8. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Кәсіпорын филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

9. Кәсіпорын жасасқан және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті мемлекеттік немесе өзге де тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, тіркелген кезден бастап жасалған болып есептеледі.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

10. Кәсіпорын қызметінің мәні мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін, арнайы оқу бағдарламаларын іске асыру болып табылады.

11. Кәсіпорынның оқу- тәрбие барысындағы негізгі басым бағыты: мектеп жасына дейінгі балаларға қазақ этнопедагогикасы негізінде ұлттық тәрбие беру болып табылады. Алға қойылған міндеттерді түбегейлі шешу мақсатында мектеп жасына дейінгі балаларға ұлттық тәрбие беру бойынша эксперименттік жұмыс жүйесі жүргізіледі.

12. Кәсіпорынның мақсаты мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыру болып табылады.

Мақсатқа жету үшін кәсіпорын келесі іс-шараларды жүзеге асырады:

1) мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау;

2) тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілер үшін дене, зияткерлік және жеке дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;

3) сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету;

4) тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара іс-әрекет жасау;

5) тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулық сақтау мәселелері бойынша ата-аналарға консультациялық және әдістемелік көмек көрсету.

6) педагогтердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;

7) білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету.

13. Кәсіпорынның білім беру жүйесінің басым бағыты инновациялық технологияларды енгізу арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық әлеуетін, олардың зияткерлік саласын дамыту болып табылады.

14. Кәсіпорынның қызметі Жарғыға, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік ережелеріне, санитарлық ережелерге, «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

15. Кәсіпорынның білім беру қызметі төмендегілерге сәйкес жүзеге асырылады:

1) «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, кәсіптік, орт білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыдағы № 348 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен;

2) «Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген 1 жастан 6 (7) жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларымен;

3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы.

16. Кәсіпорындарды жабдықпен және жиһазбен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларына сәйкес жүзеге асырылады.

17. Балаларды кәсіпорынға қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 «Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады. Қабылдау жыл бойы бос орындар болған жағдайда жүргізілуі мүмкін.

18. Кәсіпорында ата-аналардың (занды өкілдерінің) мүдделерін ескере отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту қарастырылған.

19. Топтар бір жастағы немесе әртүрлі жастағы қағидат бойынша жинақталады.

Кәсіпорын топтарының толықтырылуы «Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ-59 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

20. Кәсіпорында балаларды тәрбиелеу мен оқыту мемлекеттік тілде жүзеге асырылады.

21. Кәсіпорын толық бескүндік режимінде жұмыс істейді.

22. Кәсіпорын өз қызметін келесі кезеңдер бойынша ұйымдастырады:

1) 1 қыркүйек пен 31 мамыр - оқу жылы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығына сәйкес (Бағдарлама мазмұнын игеру кезеңі);

2) 1 маусымнан 31 тамызға дейін жазғы сауықтыру кезеңі;

3) мектеп жасына жеткен тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымнан шығару жыл сайын 1 тамызға дейін жүзеге асырылады;

4) тәрбиеленушілерді бір жас тобынан екіншісіне ауыстыру ағымдағы жылғы 1 тамыздан бастап 31 тамызға дейін тәрбиеленушінің толық жасқа толуын ескере отырып, ағымдағы жылғы 1 қыркүйекке дейін жүзеге асырылады.

5) Кәсіпорында тәрбиеленушілердің білімдерін ағымдағы, аралық және қорытынды бақылауды диагностика түрінде (мониторинг) жүзеге асырады.

23. Тәрбиеленушінің кәсіпорында орны келесі жағдайда сақталады:

1) денсаулық сақтау, білім беру ұйымдарында және өзге де ұйымдарда тәрбиеленушінің ауруы, емделуі, сауықтырылуы, түзетілуі және оңалтылуы кезінде (көрсеткіш бойынша анықтама, қорытынды ұсынған кезде);

2) ата-анасының біреуінің немесе тәрбиеленушінің заңды өкілінің бір жылға екі айға дейінгі мерзімге демалысқа немесе сауықтыруға жазбаша өтініші берілген кезде;

3) елді мекенде енгізілген төтенше жағдай (әлеуметтік, табиғи, техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар) кезінде.

24. Тәрбиеленушіні кәсіпорынан шығару мынадай жағдайларда жүргізіледі:

1) кәсіпорын мен тәрбиеленушінің ата-анасы немесе өзге де заңды өкілі арасындағы шарт талаптарының бұзылғанда;

2) әкімшілікті ескертусіз және дәлелсіз себептермен бір айдан астам уақыт тәрбиеленуші келмеген кезде;

3) дәрігерлік консультациялық комиссияның анықтамасы негізінде оның келуіне кедергі келтіретін медициналық қарсы көрсетілімдердің болғаны кезде.

25. Кәсіпорын мен заңды өкілдер арасындағы өзара қарым-қатынас баланы қабылдаған кезде шартпен реттеледі.

Тәрбиеленушінің, ата-аналардың және кәсіпорын қызметкерлерінің қарым-қатынасы білім беру процесіне қатысушыларды өзара құрметтеу, ынтымақтастық негізінде және тәрбиеленушіге жеке ерекшеліктеріне сәйкес даму еркіндігін беруді ескере отырып құрылады.

26. Кәсіпорын педагогтары мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын сақтаған жағдайда тәрбие-білім беру процесін ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын дербес таңдайды.

27. Кәсіпорын осы мектепке дейінгі ұйыммен қамтылмаған және қамтылған тәрбиеленушілер үшін жұмыс және демалыс күндері білім беру, сауықтыру сипатындағы қосымша ақылы қызметтер көрсетуге құқылы. Ақылы қызметтерден түскен қаражат мамандарға жалақы есептеуге, құрал-саймандарды сатып алуға, тиісті дамытушы ортаны құруға бағытталады.

28. Тиімді тәрбие процесін қамтамасыз ету, бала тұлғасының шығармашылық рухани және физикалық мүмкіндіктерін дамыту үшін кәсіпорын штаттық кесте негізінде хореография, бейнелеу өнері, логопедия бойынша білім беру қызметтерін ұсынуға құқылы.

29. Кәсіпорында балалары мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған ата-аналар үшін отбасы мен тәрбиеленушіні әлеуметтік-педагогикалық қолдау мақсатында консультациялық пункттер құрылуда.

30. Кәсіпорын медициналық-санитариялық алғашқы көмекті және дәрігерге дейінгі көмекті уәкілетті органның лицензиясы негізінде жүзеге асыруға құқылы.

31. Кәсіпорынды басқаруда дара басшылық және алқалық басқару қағидаттарында құрылады. Алқалық басқару нысандары педагогикалық, әдістемелік, қамқоршылық кеңестер болып табылады.

32. Кәсіпорында бір жас алты айдан алты (жеті) жасқа дейінгі балалар үшін мектеп жасына дейінгі топтардың болуы қарастырылған.

33. Педагог қызметкердің құқықтары мен міндеттері.

Кәсіби қызметті жүзеге асыру кезінде педагог құқылы:

1) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарын сақтау шартымен кәсіптік қызметті ұйымдастырудың тәсілдері мен нысандарын еркін таңдауға;

2) лауазымды және басқа да адамдар тарапынан заңсыз қарым-қатынастан және кедергіден қорғануға;

3) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан кәсібіне құрметпен қарауға;

4) кәсіптік қызметті жүзеге асыру үшін қажетті ұйымдастырушылық және материалдық-техникалық құралдармен қамтамасыз етілуіне;

5) ғылыми, зерттеу, шығармашылық, эксперименттік қызметті жүзеге асыруға, педагогикалық практикаға жаңа әдістемелер мен технологияларды енгізуге;

6) тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптары сақталған жағдайда шығармашылық бастамашылыққа, оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламалары мен әдістерін әзірлеуге және қолдануға, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа, неғұрлым жетілдірілген әдістерін дамытуға және таратуға;

7) білім беру бағдарламасына сәйкес оқу құралдарын, оқу материалдары мен оқыту, тәрбиелеудің өзге де құралдарын таңдауға;

8) білім беру бағдарламаларын, оқу жоспарларын, әдістемелік материалдарды және білім беру қызметінің өзге де компоненттерін, сондай-ақ оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендер мен оқу құралдарын әзірлеуге қатысуға;

9) жұмыс орны бойынша сайлану және сайланбалы лауазымға орналасуға;

10) білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған, оның ішінде білім беру ұйымының қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға қатысуға;

11) білім беру ұйымын басқарудың алқалы органдарының жұмысына қатысуға;

12) кемінде бес жылда бір рет біліктілігін арттыруға;

13) үздіксіз кәсіптік дамыту және біліктілікті арттыру нысандарын таңдауға;

14) біліктілік санатын мерзімінен бұрын алуға;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жеке педагогикалық қызметті жүзеге асыруға;

16) кәсіби қызметтегі жетістіктері үшін мадақтауға;

17) «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әскери қызметке шақыруды кейінге қалдыруға;

18) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен және шарттарда кәсіптік дағдыларын қолдау және арттыру үшін «Болашақ» халықаралық стипендиясы бойынша тағылымдамадан өтуге;

19) ұйым басшысының өзіне қатысты қабылдаған актілеріне, әрекеттеріне және шешімдеріне жоғары тұрған лауазымды адамдарға немесе сотқа шағымдануға;

20) білім алушылар, тәрбиеленушілер және олардың ата-аналары немесе өзге де заңды өкілдері тарапынан ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтетуге;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарға.

Педагог:

1) өз қызметінде тиісті кәсіптік құзыреттерді меңгеруге;

2) оқыту мен тәрбиелеудің педагогтік қағидаттарын сақтауға, оқыту мен тәрбиелеудің сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарында көзделген талаптардан төмен емес деңгейде қамтамасыз етуге;

3) өзінің кәсіптік шеберлігін, зерттеу, зияткерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіруге, оның ішінде біліктілік санаты деңгейін бес жылда бір реттен кешіктірмей арттыруға (растауға);

4) педагогтік әдепті сақтауға;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен міндетті мерзімдік медициналық қарап-тексерулерден өтуге;

6) білім алушылардың, тәрбиеленушілердің және олардың ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

7) балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға;

9) білім беру ұйымының басшылығына өмірлік қиын жағдайда жүрген баланың анықталу фактілері туралы дереу хабарлауға;

10) құқық қорғау органдарына және білім беру ұйымының басшылығына қылмыстық не әкімшілік құқық бұзушылық белгілері бар әрекеттерді (әрекетсіздікті) кәмелетке толмағандардың жасау немесе оларға қатысты жасалу, оның ішінде білім беру ұйымынан тыс жерде кәсіптік қызметіне байланысты өзіне белгілі болған фактілер туралы дереу хабарлауға;

11) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша ата-анасына немесе өзге де заңды өкілдеріне консультация беруге міндетті.

Педагог саяси үгіттеу мақсатында, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді саяси, діни немесе өзге де сенім-нанымдарды қабылдауға не олардан бас тартуға мәжбүрлеу үшін, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық немесе діни алауыздықты қоздыру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни немесе тілдік тиесілік белгісі, дінге көзқарасы бойынша азаматтардың ерекшелігін, астамшылығын не кемшілдігін насихаттайтын, оның ішінде білім алушыларға Қазақстан Республикасының ұлттары мен ұлыстарының тарихи, ұлттық, діни және мәдени дәстүрлері туралы анық емес мәліметтерді хабарлау арқылы үгіттеу үшін, сондай-ақ білім алушыларды Қазақстан Республикасының Конституциясына және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келетін әрекеттерге итермелеу үшін білім беру процесін пайдалануға құқылы емес.

Міндеттерін бұзғаны және педагог атағына нұқсан келтіретін теріс қылық жасағаны үшін педагог Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

34. Заңды тұлғалармен ата-аналардың құқықтары мен міндеттері:

1) кәсіпорынның Жарғысын сақтауға;

2) баланың тамақтануы үшін ағымдағы айға әр айдың 5-не дейін ақы төлеуге;

3) баланы тәрбиешіге жеке тапсыруға және одан алуға;

4) жақын туысқандарына, сондай-ақ кәмелеттік жасқа толмағандарға баланы алуды тапсырмауға;

5) баланың болмауы туралы алдын ала уақытында хабардар етуге;

6) тұмау немесе жұқпалы аурулардың белгілері бар баланы басқа тәрбиеленушілер арасында таратпау үшін әкелмеуге;

7) себепсіз кәсіпорынға бармай қалуына жол бермеуге. Бала сырқаттанып қалған жағдайда емдеуші дәрігер берген медициналық анықтама әкелуге, сондай-ақ бала үш күннен астам уақыт болмаған жағдайда Санитарлық ережеге сәйкес денсаулығы туралы анықтама әкелуге;

8) педагогикалық ұжым қызметкерлеріне құрметпен қарауға;

9) тәрбие мен оқытудың барлық мәселелері бойынша Кәсіпорынмен өзара іс-қимыл жасауға міндетті.

10) баланың денсаулығына және басқа балаларға байланысты өміріне қауіп келтіретін проблемаларды жасырмауға;

11) баланы әдептілікке, төзімділікке және ұлтаралық келісімге тәрбиелеуге;

12) баланың қажеттіліктерін ескере отырып, мобильді құрылғыларды қолдануды шектеу мүмкіндіктерін қарастыруға міндетті.

Ата-ана:

1) балалармен жүргізілетін жұмысты жақсарту бойынша қосымша қызмет түрлерін ұйымдастыру бойынша кәсіпорынға ұсыныс жасауға;

2) Кәсіпорында баланың бейімделу кезеңінде белгілі бар уақыт ішінде екі тараптың келісуімен сол ұйымда болуға;

3) екі тараптың келісімі бойынша баланың тамақтануы үшін төлемді белгіленген мерзімінен 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейінге қалдыруға;

4) Кәсіпорынның Жарғысының және осы шарт талаптарының орындалуын талап етуге;

5) алдын ала кәсіпорынды 10 (он) күнтізбелік күннен кеш емес уақытта ескертіп, осы шартты бір жақты мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

4. Кәсіпорынды басқару

35. Ақмола облысының әкімдігі:

1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

3) Кәсіпорынға коммуналдық мүлікті бекітеді;

4) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

5) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының басқа заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіліктерді жүзеге асырады.

36. Тиісті саланың уәкілетті органы:

1) Кәсіпорын бюджетінен қаржыландырылатын қызметтің басым бағыттарын және міндетті жұмыс (көрсетілетін қызметтер) көлемін анықтайды;

2) Кәсіпорынның даму жоспарын және оны орындау жөніндегі есептерді қарайды, келіседі және бекітеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

4) Кәсіпорын мүлкінің пайдаланылуына және сақталуына бақылауды қамтамасыз етеді;

5) Кәсіпорын мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

6) Кәсіпорынның еңбекті төлеу қорының көлемін жыл сайын орнатады;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне қатысты басқа да мәселелерді шешеді.

37. Басшыны тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

38. Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынның басшысымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасау арқылы ресімдейді.

39. Кәсіпорын басшысы дара басшылық қағидасы негізінде әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен анықталатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

40. Басшы:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және барлық органдарда оның мүдделерін ұсынады;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес, Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, мадақтау мен жазалау шараларын қолданады, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен басқаша қаралмаса, оларды жазаға тартады;

- 8) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін тиісті саланың уәкілетті органына үміткерлерді ұсынады;
- 9) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзіретін белгілейді;
- 10) дербес жауапкершілікте болады;
қаржылық-шаруашылық қызметі мен Кәсіпорын мүлкінің сақталуына;
таза табыстың белгіленген бөлігі бюджетке уақытылы аударылмағанда;
Кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекетті ұйымдастырғанда;
- 11) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылауды жүзеге асырады және ол үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады;
- 12) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де қызметтерді жүзеге асырады.

41. Кәсіпорын банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен уақытша, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару жөніндегі барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға беріледі.

5. Кәсіпорынның мүлкі

42. Кәсіпорын мүлкін активтер құрайды, олардың құны оның балансында көрсетіледі.

43. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейді және салымдар бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлінбейді.

44. Кәсіпорынның мүлкі:

- 1) оған меншік иесі берген мүліктен;
- 2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктен (ақшалай табысты қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

45. Кәсіпорынның жүргізуінде оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

46. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы Жарғыда өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге

де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптармен және тәртіппен жүзеге асырылады.

47. Жедел басқарудағы мүлікті пайдаланудың табыстары, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның жедел басқаруына түседі.

48. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе меншік иесінің шешімі бойынша өзгеше белгіленбесе, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған мүлікті жедел басқару құқығы Кәсіпорын үшін мүлікті оның балансына бекіту кезінде туындайды.

49. Кәсіпорынның шарттары негізінде негізгі құралдарына жататын мүлікті иеліктен айыруға, сатып алу-сатуға, айырбастауға, сыйға тартуға құқылы емес.

50. Кәсіпорынның мүлкін жедел басқару құқығы меншік құқығын тоқтату үшін Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 249-бабында көзделген негіздер мен тәртіп бойынша, сондай-ақ «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 154-бабында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

51. Осы Жарғының 49-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті жергілікті атқарушы органның жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға құқылы.

52. Кәсіпорын жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

6. Кәсіпорын қызметін қаржыландыру

53. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

54. Кәсіпорын таза табысының бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

55. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді және басқа да материалдарды дербес жүзеге асырады.

56. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Жарғыда көзделмеген қызметті көрсетуден Кәсіпорын алған табыс, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құрылған, өткізілетін тауарларға (жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге) белгіленген бағаларды көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен

бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп ережелері бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

7. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

57. Кәсіпорынның жарғылық капиталы жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін меншік иесінен басқаруға алынған мүліктен қалыптасады.

8. Кәсіпорынның есебі мен есептілігі

58. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасына және тиісті саланың уәкілетті органының келісімі бойынша кәсіпорын басшысы бекітетін есеп саясатына және шағын және орта бизнеске арналған халықаралық стандартқа немесе халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (жедел басқару құқығында) сәйкес жүзеге асырылады.

59. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік балансты, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

9. Кәсіпорынның жауапкершілігі

60. Кәсіпорын өзінің міндеттемелері бойынша өзінің иелігіндегі қаржы қаражатымен жауап береді. Қаржы қаражаты жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша тиісті бюджет қаражатымен әкімшілік- аумақтық бірлік субсидиарлық жауапкершілікке ие болады.

61. Кәсіпорын мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша тиісті бюджет қаражатымен Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік- аумақтық субсидиарлық жауапкершілікке ие болады.

10. Кәсіпорынның қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

62. Кәсіпорынның қызметкерлеріне еңбек ақы төлеу жүйесі «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың

қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №1193 қаулысымен орнатылады.

11. Еңбек ұжымымен өзара қарым-қатынас

63. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

64. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі ережелерімен бекітіледі және Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

12. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

65. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

66. Таратылған Кәсіпорынның кредиторлардың талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлкін Құрылтайшы қайта бөледі.

67. Таратылған Кәсіпорынның несие берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған ақшасы Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің кірісіне есептеледі.

13. Жарғыға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу тәртібі


68. Коммуналдық Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды Құрылтайшы енгізеді.

Басшы

Ақпенталова Р.З.

Т.А.Ә.

Р.З.
КОЛЫ



Утвержден
постановлением акимата
Акмолинской области
от 16 сентября 2022 года
№ А-9/445

УСТАВ

Государственного коммунального казённого предприятия «Ясли - сад «Балдырган» города Макинск при отделе образования по Буландынскому району управления образования Акмолинской области»

1. Общие положения

1. Государственное коммунальное казённое предприятие «Ясли-сад «Балдырган» города Макинск при отделе образования по Буландынскому району управления образования Акмолинской области» (далее - Предприятие) является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного предприятия на праве оперативного управления .

2. Учредителем Предприятия является акимат Акмолинской области (далее-Учредитель).

3. Органом государственного управления Предприятия является государственное учреждение «Отдел образования по Буландынскому району управления образования Акмолинской области» (далее-уполномоченный орган).

4. Наименование Предприятия: Государственное коммунальное казённое предприятие «Ясли-сад «Балдырган» города Макинск при отделе образования по Буландынскому району управления образования Акмолинской области»;

5. Местонахождение Предприятия: индекс 020500, Республика Казахстан, Акмолинская область, Буландынский район, город Макинск, улица Мирона Кима, 14.

2. Юридический статус Предприятия

6. Предприятие имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством, бланки, печать с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием Предприятия.

